

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған **«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар»** атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. –А. 2000.
2. Оразбаева Ф.. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. –А. 2001.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 82 бет
4. Пірімбетов Т.Т. Қазақ тілінен әдістемелік нұсқаулар. – Қарағанды: Санат
5. Колкер Я.М. Практическая методика обучения иностранному языку: Учеб. пособие. – М.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ БАҒАЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мухтарханова А.М., п.ғ.к.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
ainagul_mukhtark@mail.ru*

Аннотация. Студенттердің білімін, іскерлігін және дағдысын бағалау университеттік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің құрамдас бөлігі болып табылады. Магистранттардың білім сапасын бақылау критерийлерін әзірлеу оқытылатын пәннің мақсаттары мен міндеттеріне негізделеді. Бұл мақалада магистранттардың ағылшын тілінде білімін ағымдағы бағалаудағы кейбір мәселелер қарастырылады.

Кілт сөздер: білімді бақылау, магистранттар, ағылшын тілін оқыту, өлшемдер, ағымдағы бағалау мәселелері.

Аннотация. Контроль знаний, умений и навыков обучающихся - неотъемлемая часть вузовского, так и послевузовского образования. Разработка критериев контроля качества знаний магистрантов опирается на цели и задачи преподаваемой дисциплины. В данной статье рассмотрены некоторые проблемы при текущем оценивании знаний магистрантов по английскому языку.

Ключевые слова: контроль знаний; магистранты; преподавание английского языка; критерий; проблемы текущего оценивания.

Бүгінгі қоғамның басты мақсаты – білім сапасын арттыру екені сөзсіз. Білім сапасы елдің өмірінің барлық салаларында дамуын анықтайды. Бұл экономикаға, саясатқа, әлеуметтік өмірге, ғылым мен техникаға да қатысты. Кәсіби жоғары білімді трансформациялау және жетілдіру жаһандану жағдайында негізгі мәселелерді шешудің негізгі факторлары болып табылады. Сонымен қатар магистратурада білім берудің рөлі де маңызды. «Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің негізгі мақсаты

– еліміздің даму болашағын ескере отырып, бәсекеге қабілетті, рухани-адамгершілік қасиеттері жоғары, дербес ойлауға және қоғамның прогрессивті ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, біліктілігі жоғары кадрларды дайындау. Магистратурада мамандарды даярлау екі бағытта жүзеге асырылады: бейіндік және ғылыми-педагогикалық [1].

Магистратурада оқытылатын жалпы пәндердің бірі – шет тілі, атап айтқанда ағылшын тілі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім стандартына сәйкес «Шетел тілі (кәсіби)» базалық пәндерге жатады және міндетті компонент болып табылады. Академиялық кезең 15 аптаға созылатын бір семестрді және шет тілі (кәсіби) бойынша оқу жүктемесінің көлемі 2 кредитті (аптасына 2,5 сағат) құрайды [2].

Жұмыс оқу жоспарлары (силлабустар) оқу жоспарының барлық пәндері бойынша әзірленіп, оны жоғары оқу орны бекітеді. Сонымен бірге міндетті компонент пәндерінде оларды әзірлеу типтік оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Жұмыс оқу жоспарларының (силлабустардың) нысанын, құрылымын, әзірлеу және бекіту тәртібін жоғары оқу орны дербес айқындайды. Жоғары оқу орындарының тілдік емес мамандықтарында «Шетел тілі (кәсіби)» пәнін оқыту мотивациялық-ынталандыру және ұйымдастыру кезінде магистранттар арасында ғылыми және кәсіби ойлау ерекшеліктерін ескере отырып, ғылыми салаларда, бағдарлау-зерттеу қызметінде, жағдаяттарда шет тілінің коммуникациялық қабілеттерін қалыптастыруды көздейді. «Шетел тілі (кәсіби)» курсы магистранттардың академиялық жазуды пайдалана отырып, коммуникациялық дағдыларын жетілдіреді және ғылыми саласында зерттеу дағдыларын дамытады деп жоспарланған. Шетел тілін ғылыми және кәсіби оқытудың мәні қосымша білім алу және тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру мақсатында оның арнайы пәндермен интеграциялануында жатыр [3].

Пәннің тақырыптық жоспарына сәйкес магистранттар ағылшын тілінде академиялық жазу, ғылыми шолулар, аннотациялар дайындау, жүргізіліп жатқан зерттеулердің тақырыптары бойынша библиографиялар құрастыру, ғылыми мақалалар жазу стилі және диссертациялық жұмыс, кіріспе, қорытынды жасау, диаграммаларды сипаттау, презентациялар жасау, академиялық оқу дағдыларын меңгереді.

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесіне сәйкес магистранттарды даярлау сапасын бағалау келесі бақылау түрлерін қамтиды: ағымдағы бақылау, магистранттың өздік жұмысын бақылау, аралық бақылау және қорытынды бақылау. Ағымдағы бақылау апта сайын, әр сабақта өткізіліп, нәтижелері университеттің «Платонус» электронды журналына қойылады. Аралық бақылау 7-ші аптаның соңында және 15-ші аптаның соңында екі рет жүргізіледі. Қорытынды бақылау ауызша емтихан түрінде өткізіледі. Магистранттардың білімі, іскерлігі мен дағдысы келесі жүйе бойынша бағаланады (1-кесте).

Кесте 1 – Магистранттың оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалау жүйесі.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдың сандық баламасы	Пайыздық баға	Дәстүрлі жүйе бойынша
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Нормативтік құжаттарға сәйкес бағалаудың мақсаты білім беру бағдарламасын меңгеру сапасы болып табылады.

Ең күрделі және кеңінен талқыланатын мәселенің бірі магистранттардың білімін ағымдағы бағалау болып табылады. Әрбір оқытушы мен студентке практикалық сабақтарды бағалау критерийлері берілгенімен, ағымдағы бақылау ауызша сұрау, жазбаша үй тапсырмасын орындауды тексеру, тестілеу және т.б. түрінде жүргізілетіні белгілі. Ағымдағы бақылаудың күрделілігі қандай? Магистранттың ғылыми-лингвистикалық білімін бақылауды қалай ажыратуға болады? Қойылған сұрақтарға жауап табу мақсатында бірнеше жыл бойы магистратурада шет тілі (кәсіби) пәнінен сабақ беретін оқытушыларға сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Астана қаласындағы жоғары оқу орындарының 7 оқытушысы қатысты.

Сауалнама келесі сұрақтардан тұрды: 1) Ағымдағы бақылау не үшін қажет 2) Магистранттардың білімін ағымдағы бақылауда қандай қиындықтарға кезігесіз?

1. Сауалнама нәтижелеріне сүйенсек, бірінші сұрақ бойынша ағымдағы бақылау: а) өтілген материалды бекіту; б) магистранттың материалды меңгеруін анықтау, магистранттардың білімін бағалауды тексеру; в) сонымен

қатар өтілген материалдарды түсінуін, білім алушылардың білімі мен дағдыларын тексеру үшін жүргізіледі.

2. Оқытушылардың пікірінше, магистранттардың білімін бағалауда қиындықтар туындайды: а) магистранттардың тілді меңгеру деңгейі әртүрлі болған кезде (бір топта барлық 6 деңгей де болуы мүмкін); б) топтағы магистранттардың көптігі, әр студентке уақыттың жеткіліксіздігі; в) материалды игермеу, оқытылатын материалды білмеу және тілдік деңгейі төмен магистранттар үшін материалдың күрделілігі т.б.

Магистранттардың білімін бақылау бойынша респонденттердің жауаптарын қорытындылай келе, топтағы студенттердің көптігі, тілді меңгеру деңгейінің әртүрлілігі, материалдың күрделілігі сияқты ағымдағы бағалауда әлі де мәселелер бар деп қорытынды жасау қиын емес.

Қорытындылай келе, Болон процесінің қағидаттарына сәйкес университеттерде білім беру жалпы алғанда болашақ маманның еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына және табысты болуына ықпал ететін білім, біліктілік және жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталғанын атап өткен жөн [4]. Дегенмен, жоғары оқу орындарында білім беруде бақылаудың дәстүрлі түрлері жиі жүргізіледі, онда басты фокус білім алушының біліміне жасалады да, тиісінше, дағдылар мен біліктіліктерді бағалау көлеңкеде қалады. Кредиттік оқыту жүйесін бақылаудың қолданыстағы нысандарының бүгінгі таңдағы жетістіктеріне қарамастан, олар студенттердің білімін, іскерлігін және дағдыларын тексеру үшін жеткіліксіз деп ойлаймыз. Магистранттар арасында кәсіптік білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететін бағалау құралдарының кешенін жасау қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР ГОСО 5.03-2004 «Магистратура. Негізгі ережелер». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 30 сәуірдегі No 380 бұйрығымен бекітілген.

2. Основы кредитной системы обучения в Казахстане /С.Б. Абдыгаппарова, Г.К. Ахметова, С.Р. Ибатуллин, А.А. Кусаинов, Б.А. Мырзалиев, С.М. Омирбаев; Под общ. ред. Ж.А. Кулекеева, Г.Ы. Гамарника, Б.С. Абдрасилова. – Алматы: Қазақ университеті 2004. – 198 с.

3.http://www.enu.kz/ru/uchebnyi-process/normativno-metodicheskie-dokumenty/goso_504033.pdf

4. Болонская декларация "О Европейском регионе высшего образования". г.Болонья, Италия. 1999. Сазонов Б.А. Болонский процесс: актуальные вопросы модернизации российского высшего образования/ Методическое пособие. 2-е издание, исправленное и дополненное.– М.: МГТУ им. Н.Э.Баумана – 2007.